



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№47 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Валюта нарығындағы ағымдағы ахуал туралы

2015 жылғы 16 қыркүйек

Алматы қ.

Инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-кредит саясатын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2015 жылғы 20 тамыздан бастап валюталық дәлізді алып тастауға және еркін өзгермелі айырбастау бағамына өтуге шешім қабылдады.

Теңгенің айырбастау бағамы іргелі ішкі және сыртқы макроэкономикалық факторлар негізінде қалыптастырылғандығы бірнеше рет мәлімделді. Бұл ретте Ұлттық Банк теңгенің айырбастау бағамының нарықтық деңгейінің қалыптасуына араласпайды, бірақ елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет болған жағдайда, валюталық өктемдіктерді жүргізу жолымен ішкі валюта нарығына қатысу мүмкіндігі бар.

Валюта нарығына қатысушылардың алыпсатарлық операциялары себепші болған теңгенің айырбастау бағамының құбылмалылығының өсуіне байланысты, іргелі макроэкономикалық факторлардың объективті және елеулі өзгеруінің болмауы жағдайында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2015 жылғы 16 қыркүйектен бастап ішкі валюта нарығындағы ахуалды тұрақтандыру мақсатында валюталық өктемдік жүргізуге шешім қабылдады.

Ұлттық Банктің валюталық өктемдігінің көлемі 2015 жылғы 16 қыркүйекте 144 млн. АҚШ долларын құрады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 639,

+7 (727) 2704 585,

+7 (727) 3302 497,

e-mail: press@nationalbank.kz,

www.nationalbank.kz